

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ.  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ  
ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА.  
ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА  
GENERAL THEORY OF STATE AND LAW.  
HISTORY OF STATE AND LAW**

ГТАХР: 10.01.08  
ӘОЖ:340.1

10.51889/2959-6181.2024.75.1.001

*Қ.Тұрлыханқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

**ИСЛАМ ШАРИФАТЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ,  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада әлемдегі ең көп тараған діндердің бірі болып саналатын ислам дініндегі адам құқығының проблемасы, әлеуметтік әділдік мәселелері жан жақты талданады. Зерттеудің мақсаты ислам діні адам құқығын кепілдікке ала отырып, адамның абыройын асқақтатқан ең кемел құқық жүйесі екенін түсіндіру. Ислам ұсынатын әлеуметтік әділдік адамзат өмірінің жан-жағын толығымен қамтитын адамгершілікке негізделеді. Адам құқығына соншалықты мұқият көңіл бөлуді басқа ешбір діннен, тіпті жаңа заманғы құқық жүйелерінен де кездестіре алмаймыз. Бұл мәселені терең байыптаған ислам діні бір адамның өмірін қиюды бүкіл адамзаттың ғұмырын қиюмен тең қарастырған. Ислам діні адам құқығына келгенде негізгі принциптерді басшылыққа ала отырып, әрбір адамға өмірлік құндылықтарды көзінің қарашығындай қорғау жауапкершілігін жүктейді. Қай заманда болмасын адамдардың әлеуметтік қамсыздандыруға деген құқықтары ерекше назар аударуды қажет етеді.

**Түйін сөздер:** ислам, рухани-мәдени, адам құқығы, шариғат, әлеуметтік-құқық, құқық, дін, заңнама.

*Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR21882428, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы «Постқалыпты уақыттағы рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыстар ретіндегі исламның ықпалы мен келешектері: Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде әзірленді.*

*Турлыханқызы К.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНО-КУЛЬТУРНОГО, СОЦИАЛЬНОГО ЯВЛЕНИЯ ПРАВ  
ЧЕЛОВЕКА В ИСЛАМСКОМ ШАРИАТЕ**

*Аннотация*

В статье всесторонне анализируется проблема прав человека в исламе, одной из самых распространенных религий в мире, проблемы социальной справедливости. Цель исследования состоит в том, чтобы объяснить, что ислам – это самая совершенная система права, которая превозносила достоинство человека, гарантируя права человека. Социальная справедливость, предлагаемая исламом, основана на морали, которая полностью охватывает все аспекты человеческой жизни. Мы не можем встретить такого пристального внимания к

правам человека ни в одной другой религии, даже в новых современных системах права. Глубоко укоренившаяся исламская религия рассматривала этот вопрос как равный гибели одного человека и гибели всего человечества. Когда дело доходит до прав человека, Ислам, руководствуясь основными принципами, возлагает на каждого человека ответственность за защиту жизненных ценностей. В любое время права людей на социальное обеспечение требуют особого внимания.

**Ключевые слова:** ислам, духовно-культурная, права человека, шариат, Социально-правовая, правовая, религиозная, законодательная.

*Благодарность:* Статья подготовлена в рамках реализации программы «Влияние и перспективы ислама как духовно-культурного, политического, социального явления в постнормальные времена: опыт стран Ближнего Востока и Центральной Азии», ИРН BR21882428, программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

*K.Turlykhanqyzy<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

## **THE PROBLEMS OF THE SPIRITUAL, CULTURAL, AND SOCIAL PHENOMENON OF HUMAN RIGHTS IN THE ISLAMIC SHARIA**

### *Abstract*

The article comprehensively analyzes the problem of human rights in Islam, one of the most widespread religions in the world, and the problems of social justice. The purpose of the study is to explain that Islam is the most perfect system of law that extolled human dignity while guaranteeing human rights. The social justice offered by Islam is based on morality, which fully embraces all aspects of human life. We cannot find such close attention to human rights in any other religion, even in the new modern legal systems. The deeply rooted Islamic religion viewed this issue as equal to the death of one person and the death of all mankind. When it comes to human rights, Islam, guided by basic principles, places on each person the responsibility to protect the values of life. At any time, people's rights to social security require special attention.

**Keywords:** Islam, spiritual and cultural, human rights, Sharia, Socio-legal, legal, religious, legislative.

*Acknowledgments:* The article was written under the framework of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, which is specifically funded under the program «The influence and prospects of Islam as a spiritual, cultural, political, and social phenomenon in postnormal times: the experience of the countries of the Middle East and Central Asia» (IRN BR21882428).

### *Kipicne*

Ислам – жалпы адамзатқа келген дін. Жалпы алғанда, дүниежүзінде құқық мәселесін дәл ислам дініндей кеңінен қарастырған басқа жүйені кездестіру қиын. Адам құқығына соншалықты мұқият көңіл бөлуді басқа ешбір діннен, тіпті жаңа заманғы құқық жүйелерінен де кездестіре алмаймыз. Бұл мәселені терең байыптаған ислам діні бір адамның өмірін қиюды бүкіл адамзаттың ғұмырын қиюмен тең қарастырған.

Құқық дегеніміз – адам мен қоғамның жаратылысы, тұлғаның бостандығы, өмір сүру процесін білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің жиынтығы. Ислам заңдары әйгілі фикһ терминін құқық сөзіне балама ретінде қолданады. Фикһ сөзі адам мен жаратушының және қоғам мен отбасындағы адамдардың қарым-қатынастарын нақты дәлелдерге жүгіне отырып

қарастыратын ілімге қолданылса, құқық сөзі жалпылама адамдардың отбасылық, азаматтық, әлеуметтік және саяси қарым-қатынасын реттейтін жүйеге айтылады.

Адам құқығы – бұл адамның мүдделерін, адамның денсаулығын, балаларын, меншігін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғайтын қағидаттар. Адам құқығының қағидалары алғаш рет Вавилонда біздің дәуіріміздің 1700 жылы Хамурапи патшаның кезінде жазылған. Бұған дейін ежелгі қоғамдарда адам құқығы құлдық пен билік жүйесіне негізделген болатын. Мықты адамның барлық құқығы болды, ал әлсіздердің құқықтары тапталды. Құлдық жүйесі күнделікті өмірде үйреншікті жағдайға айналды. Хамурапи заңына келетін болсақ, бұл адамның өзін қорғауға және күшті адамдардың қысымына қарсы әділеттілік орнатуға деген алғашқы ұмтылысы ретінде қарауға болады. 252 баптан тұратын бұл құқықтық жүйе сол заманның құнды мұрасы болып табылады. Исламдағы адам құқығына келетін болсақ, ол исламдық шариғаттан басталады.

#### *Материалдар мен әдістер*

Зерттеудің әдіснамалық негіздемесі ретінде бірқатар жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Ғылыми ізденістердің негізінде ислам шариғатындағы адам құқықтарының рухани мәдени, әлеуметтік құқықтарын реттеуде теңдей мүмкіндіктер ұсынылды, бұл зерттеудің қазіргі жағдайын ашуға мүмкіндік берді.

#### *Нәтижелер*

Еуразия өлкесінің сан ғасырлық тарихы, қазақ халқының этногенезі мен этнографиясын зерттеу барысында қазақ мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі екендігін көруге болады. Өйткені, халық санасына ислам діні бейбіт жолмен сіңісті. Ислам философиясын, құндылықтарын мен өнерін дамыту мен жаңғыртуда біздің территориямызды мекен еткен ойшылдар: Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн және т.б. мұраларының ислам өркениетінің асыл қазынасына айналуы қазақ халқының дүниетанымында исламның рөлі басымдықты әрі маңызды екендігін дәлелдей түспек. Академик Ғарифолла Есім, «Ұлттық идея – ел санасы» атты мақаласында: «Ұлттық идеяның үшінші тұғыры – интеллектуалды жасампаз қоғам туралы сөз қозғай отырып, діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Өз тарихында діни санасы болмаған халық жоқ. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келген. Сондықтан діннің не екендігін, оның қысқаша тарихын танып, білу – әрбір саналы адамға мәдени қажеттілік», – деп атап көрсеткен болатын. Қазақстанның кең-байтақ территориясы мен Еуразия аумағын мекендеген түркі ұлыстары IX ғ. басында Ислам дінін қабылдап, кейін осы территорияға иелік еткен ұлыстардың ұрпақ жалғастырған халықтары өз дүниетанымында ислам құндылықтарын дәстүрлі бағдар етіп қадір-қасиетімен біріктірген [1].

Қазақ даласындағы ислам ерекшеліктерін талдауда әлі күнге дейін отандық ғалымдар арасында бір тұжырымға шынайы біріккен пікірлер аз. Ислам рухани тазалық пен құндылықтардың өзегі, адам болмысының тұтастығын қамтамасыз ете алатын пәрменді күш ретінде адамзат санасына ұялай бастағандығы ең маңызды фактор.

Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы Құран мен сүннетке имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы мен имам Матуриди сенім мектебінен сусындаған. Абай философиясындағы исламдық болмыс қазақ дүниетанымында Әлем мен адам контекстінде сипатталған. Абай философиясындағы исламдық болмыс қазақ дүниетанымында Әлем мен адам контекстінде сипатталған.

Миллиондаған қазақстандық жастардың өз өмірін өзгертуі, салауаттылық пен парасаттылықты, өркениеттіліктің болашағын өз бойларында ислам құндылықтарымен байланыстыруы исламның қазіргі таңдағы Қазақ даласындағы өміршендігін көрсетеді.

Кез-келген діни немесе зайырлы қағидаттардағы ең құнды норма ол – адам баласының өмір сүру құқығы. Басқа адамдардың әсіресе бейкүнә жандардың өміріне балта шабуды қазіргі аласапыран заманда жиі көретін болдық. Бұл тек діни тұрғыдан емес адами тұрғыдан да адамгершілікке, ізгілікке жатпайды. Бір адамның кінәсі үшін басқа адамның жазалан-

байтындығы да Құранда бірнеше рет қайталанған мәселелердің бірі. Олай болса, қазіргі көптеген құқықтық нормалар мен исламдағы адам құқықтары қағидаттары үндесіп келеді. Жеке меншікке ие болу, адам баласының өз бетінше тіршілік етуі, бас-бостандығының құны сияқты барлық құқықтық мәселе исламнан тыс қалмаған. Бұл қағидалар тек қағида жүзінде ғана емес, адамгершілік құндылық ретінде бекігендігін байқауға болады [2].

Шариғат – Құран мен Сүннетке негізделген мұсылмандардың діни заңдарының жиынтығы және екеуіне де негізделген ережелер. Исламдық шариғат ғалымдардың бірауызды дереккөздеріне – Құран, Сүннет, Ижма, Қияс және басқа да қосымша қағидаларға негізделген. Исламда адам құқығының маңызды мәселелері, мысалы, білім, неке және отбасылық міндеттер, туылғаннан бастап өлімге дейінгі құқық исламдық тұрғыдан қарастырылады. Исламдағы адам құқығы – исламның маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын шариғаттың бөлігі, ислам заңының 570-632 жылдарында өмір сүрген Мұхаммед пайғамбардан бастау алады. Ислам құқығының барлық салаларының негізі – шариғат. Исламдық заңнамаға сәйкес, шариғат адам өмірінің барлық салаларын қамтитын жан-жақты құқықтық жүйе болып табылады. Ол дін мен зайырлылықты, күнделікті өмір мен руханиятты біріктіреді. Бұл адамдардың өмірінің барлық салаларын басқаратын кең мінез-құлық кодексі. Шариғат – бұл Құран мен Сүннетте жазылған өсиеттер жиынтығы. Ислам діні бойынша, Құдай орнатқан құқықтар адамның құдайға құлшылық ету міндеттемесін және барлық әлеуметтік құқықтарды қамтиды. Меншік құқығы, еңбек құқығы, ойлау және іс-әрекет бостандығы сияқты құқықтар адамның азаматтық құқығы деп аталады, ал мүдделерге, жеңілдіктер мен мәмілелер тұрғысынан жеке адамға да, қоғамға да қатысты құқықтар «жалпы құқықтар» деп аталады. Ислам діні бойынша адамдар еркін туылады. Барлық адамдар заңды түрде тең. Ойлау, сөз бостандығы және ар-ождан бостандығы адамның ажырамас табиғи құқықтары болып табылады. Нәсіліне, жынысына, ұлтына, тіліне немесе дініне қарамастан, әркімнің құқығы мен мүмкіндіктері бірдей. Мұндай құқықтарға үлкен және кіші құқықтар, сонымен бірге белгілі бір уақыт өткеннен кейін пайда болатын түрлі құқықтар кіреді. Исламның құқығын реттейтін негізгі заң – Құран. Құранда адам құқығына ерекше назар аударылып, оларды қорғауға ескертілген. Сонымен қатар ол құқықтарды жүзеге асыру мен қорғаудың арнайы тетіктерін құрды. Алла тағала Мұхаммед пайғамбарды (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) адамзатқа өзінің құқығын нақтылау және түсіндіру үшін жер бетіне жіберді. Сөзбен де, іспен де Құранда көтерілген заңды мәселелерге тоқталды. Бұл исламда сүннет деп аталады. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) барлық азаматтық және әлеуметтік құқықтар Алладан келетіндігін ескерту арқылы адам құқығын қорғауға көмектесті. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмір бойы адам құқығын әрқашан құрметтеген. Құқық қорғау органдарының үлкенді-кішісін құрметтейтін. Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық құқықтардың үлкен болсын, кішісі болсын, құрметтің маңыздылығын жақсы білген, өйткені ол кішігірім мәселелер еленбесе үлкен болады деп сенген. Иә, исламдық түсінік бойынша, барлық құқықтар құдайдың жаратылысына осы жаратылыстың үстемдігінен туындайды және адамзатқа құдайдың сеніп тапсырған сыйы болып табылады. Құдайдың бұл құқықтары адамдарға алғашқы жаратылыстарынан бастап беріліп келеді. Бұл құқықтар күшіне енбейді, сатылмайды, төмендетілмейді, көбейтілмейді, өзгертілмейді немесе мүлікке айырбасталмайды. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қоғамның негізі болып табылатын отбасында бақыт пен келісім орнату үшін отбасы мүшелерінің арасында Алладан қорқудың маңыздылығын атап өтті. Исламдағы жеке меншік құқығына келетін болсақ, исламның бұл мәселеге ерекше назар аударатындығын байқауға болады. Яғни, біреудің мүлкіне қол сұғу – күнә. Бұл сонымен қатар қылмыс болып табылады және қатты жазаланады. Тіптен, басқа дін өкілдерінің жеке меншігіне қол сұғылмауын қарастырған. Ислам дініндегі құқық мәселесінде дінге, ұлтқа, нәсілге бөлінбеген. Барша адамзаттың құқығы дінде бірдей қорғалады. Исламдағы адам құқығы бірлік ұғымына негізделген [3].

Ислам діні ол жалпы адамзатқа тән болып табылады. Ондағы құқық мәселесі адамды, жан-жануарларды, тіпті барлық жаратылысты қамтиды. Ардақты пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінен бұған көптеп мысал келтіруге болады. Жалпы алғанда, дүниежүзінде құқық мәселесін дәл ислам дініндей кеңінен қарастырған басқа жүйені кездестіру қиын. Адам құқығына соншалықты мұқият көңіл бөлуді басқа ешбір діннен, тіпті жаңа заманғы құқық жүйелерінен де кездестіре алмаймыз. Бұл мәселені терең байыптаған ислам діні бір адамның өмірін қиюды бүкіл адамзаттың ғұмырын қиюмен тең қарастырған.

Аяттың арабша түпнұсқасындағы «халидан» сөзіне арнайы назар аударғым келеді. Бұл жерде Құранда мәңгілік деген мағынада жиі қолданылатын «әбәдән» сөзі айтылмаған. Дегенмен, Ибн Аббас пен кейінгі табиғин имамдарының біршамасы аятта кездесетін «халидан» сөзінің мағынасын түсіндіргенде, имансыздар секілді адам өлтіруші қаныпезерлердің де мәңгілік азап тартатындығын айтып өткен. Яғни, адам құқығы тұрғысынан алғанда бұл түсіндірмелер ерекше маңызға ие, себебі исламдағы адам құқығы жүйесі осы негіздерге сүйене отырып жасалған. Тағы да пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахих хадистеріне құлақ түрсек, өз жаны, малы, ар-ұяты, ұрпағы және хақ дін үшін жан тәсілім еткен кісі сөзсіз шейіт болады. Аты аталған құндылықтарды қорғау жолында қасық қаны қалғанша күресу «жихад» деп саналады [4]. Сол құндылықтардың кез-келгені адамзат үшін аса маңызды саналып, барлық елдердің құқық қорғау жүйелерінде айрықша орын алған. Бұл мәселе құқықтың негізі болып табылатын усул кітаптарында да кездеседі.

Ислам діні адам құқығына келгенде осы негізгі принциптерді басшылыққа ала отырып, әрбір адамға өмірлік құндылықтарды көзінің қарашығындай қорғау жауапкершілігін жүктейді. Сондықтан бұндай таза дінде адам құқығының аяқасты етілуі мүмкін емес. Сонымен бірге ислам дінінде адам – Аллаһтың жер жүзіндегі халифасы ретінде марапатталады. Өзге жаратылыстарға билік жүргізуге рұқсат берілуінің өзі адамның ерекше жаратылыс екендігін аңғартады.

Ислам діні адам баласына жеке басын және ұрпағын қорғау, еңбек ету, кез-келген кәсіппен айналысу еркіндігін берген. Ендеше, өзге құқық жүйелерінің ұстанымдарын алға тартып, ислам құқығын жоққа шығару, не болмаса қандай да бір тұсынан олқылық табу мүмкін емес. Ислам діні адам құқығын кепілдікке ала отырып, адамның абыройын асқақтатқан ең кемел құқық жүйесі болып табылады.

Адам құқығына соншалықты мұқият көңіл бөлуді басқа ешбір діннен, тіпті жаңа заманғы құқық жүйелерінен де кездестіре алмаймыз. Бұл мәселені терең байыптаған ислам діні бір адамның өмірін қиюды бүкіл адамзаттың ғұмырын қиюмен тең қарастырған. Құран мен сүннетте аты аталмағанымен, Тәурат аяттарына сүйене отырып Құранның «Маида» сүресіндегі 30-аятта «Нәпсісі бауырын өлтіруге итермеледі, сөйтіп ол өз бауырын өлтірді де қасіретке ұшырады» деп баяндалатын оқиғаның негізгі кейіпкерлері Адамның ұлдары Қабыл мен Абыл екендігін байқаймыз. Құран бауырын ажалға қиған жер бетіндегі тұңғыш қылмыскердің соңы сорлаумен біткеніне көңіл аудартады [5].

Қазіргі кезде шарифат тізімінен пайдаланып келе жатқан мұсылман мемлекеттеріндегі өмір, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани даму үрдісі шарифат құқық тізімінің осы аумағында жасайтын бір бөлек адамдарды емес, осы қоғамдағы барлық халықтардың жоғын жоқтап, пайдасын көздеп, оларды әрқандай қылмыс атаулыдан қорғауға қызмет қылып келе жатқанын дәлелдейді. Шарифаттың біраз нормалары өткінші нәрсе емес, оның нормалары өмірдің әртүрлі жағдайларында адамға жақын, оны әлеуметтік әділеттілік шешім тапқан қоғам құруға шақырушы және барлық адамдардың заң алдында теңдігін қамтамасыз етуге қызмет қылатын идеология екендігі уақыт талаптарынан анық көрініп тұр [6].

Ислам дінінің әлеуметтік қамсыздандыруды қоғамдық деңгейде қалай қарастыратындығына мысал келтіре кетелік. Имам Муслимнен келген хадисте: «Пайғамбарымыз сахабаларына қарап: «кімде артық маркаб (көліктің кез келген түрін айтады: ат, есек, қайық

және т.б.) болса, оны жоқ адамға берсін. Кімде азық-түлік артық болса, оны мұқтаж адаммен бөліссін», – деп айтты да, ол басқа да заттарды атап өтті. Сонда біз ешқайсысымыз артық нығметке құқылы емес екенбіз деп ойладық», – деп келеді.

Бұл хадистен жасайтын қорытындымыз – мұқтаж адамға көмек беру әрбір шамасы келген мұсылман адамның міндеті болып табылады. Ислам мемлекеті өз қарамағындағы әрбір азаматқа тамақтану, киіну, баспаналы болу секілді құқықтарының орындалуына толық кепілдік береді. Исламның бұл тәлімдері шарифаттың теориясынан іс жүзіне асқан. Бұған Аллаһ елшісінің тұтқындарға құрмет көрсетіп, оларға өздерінің азғантай азықтарынан бөліп берген мұсылмандарды мадақтауы дәлел болады. Аллаһ тағала бұл туралы Құранда: «Тамақтану өздеріне де ұнамды көрінуіне қарамастан, бейшараны, жетімді және тұтқынды тамақтандырды» – деген. Көріп отырғанымыздай, ислам дінінде әрбір тұлғаның әлеуметтік қамсыздандыруға деген құқығын қамтамасыз ету онымен бірге өмір сүріп жатқандарға жүктеліп отыр. Егер де біз қысқаша ғана атап өткен ережелер сақталатын болса, адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі өз шешімін сөзсіз тауып отыратын еді.

Ислам құқығының негізгі мәселесі – қоғам пайдасы. Құран мен сүннеттің бұйырған нәрселерінің бәрінің астарына үнілгенде бұған айқын түрде көз жеткізе аламыз. Әрине, кейбір жеке басын ғана күйттеп, нәпсі қалауын ойлаған адамдар ол мақсатты аңғара алмайды. Өз кезегінде Исламның қалағаны – жеке адамның құмарлықтары емес, әмбеге ортақ қоғамдық пайда. Яғни ислам құқығы адамдар арасындағы қатынастарды реттей отырып, өркениетті, құқыққа негізделген қоғам қалыптастыруды көздейді. Фикһтің (ислам құқығының) ерекшеліктері ислам құқығы ислам дінінің негізінде пайда болған құқық. Ислам діні қоғамда әділдік орнатуды көздегендіктен заң мен сот алдында барлық адамдарды тең санап, адамды бай-кедей деп бөле жармаған. Исламда біреуі екіншісінен үстем тұратын тап өкілдері жоқ. Ислам бойынша күшті өзінен өзгелердің ақысы алынғанға дейін әлсіз, ал әлсіз өзгелерден өз ақысын алғанға дейін күшті боп саналады. Адамдардың барлығы да топырақтан жаратылып, түр-түс пен тек арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Заң алдында барлығы тең. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Барлығың Адамнан тарадыңдар, ал адам топырақтан жаратылды» және «Арабтың араб еместен ешқандай да артықшылығы жоқ. Артықшылық тек қана тақуалықта», – деп, осы мәселені ұқтырған [7].

#### *Қорытынды*

Қорытындылай келгенде, исламда адам құқығына соншалықты мұқият көңіл бөлуді басқа ешбір діннен, тіпті жаңа заманғы құқық жүйелерінен де кездестіре алмаймыз. Бұл мәселені терең байыптаған ислам діні бір адамның өмірін қиюды бүкіл адамзаттың ғұмырын қиюмен тең қарастырған. Ең алдымен діни құндылықтардың қорғалуы міндеттелген. Одан кейін аталған өзге құндылықтарға да көңіл бөлінеді. Бұлардың әрқайсысының маңыздылығында дау жоқ, сондықтан біз оларды қорғауға тиіспіз. Ислам діні адам құқығына келгенде осы негізгі принциптерді басшылыққа ала отырып, әрбір адамға өмірлік құндылықтарды көзінің қарашығындай қорғау жауапкершілігін жүктейді. Сондықтан бұндай таза дінде адам құқығының аяқасты етілуі мүмкін емес. Ислам діні адам баласына жеке басын және ұрпағын қорғау, еңбек ету, кез-келген кәсіппен айналысу еркіндігін берген. Ендеше, өзге құқық жүйелерінің ұстанымдарын алға тартып, ислам құқығын жоққа шығару, болмаса қандай да бір тұсынан олқылық табу мүмкін емес. Ислам діні адам құқығын кепілдікке ала отырып, адамның абыройын асқақтатқан ең кемел құқық жүйесі болып табылады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары – Алматы 2013.– 272 б. (Жүзінген күн: 28.02.2024)
2. Туякова, А. Е. Ислам дініндегі әлеуметтік мәселелер – 2016. – № 7 (111). – С. 1117-1121. <https://moluch.ru/archive/111/26686/> (Жүзінген күн: 28.02.2024)

3. Қайрат Құрманбаев «Исламдағы алам құқықтары» – Алматы, 2019. – 204 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
4. Бәйішев Ж. Ислам құқығына кіріспе: теория және практика мәселелері – Астана 2007. – 69 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
5. Исатай Бердалиев Исламдағы пенделік құқық – 2020. <https://kazislam.kz/islamda-pendelik-qiuyghymyz/> (Жүгінген күн: 28.02.2024)
6. Калкаева Н.Б. Шаригат: қоғамдық маңызы бар әлеуметтік-құқықтық аспектілерді талдау // ISSN 2559-6173 Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК.– Серия «Юриспруденция»– №4(74), 2023 7-16 бб. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
7. Аздарбеков Т., Әлдайдар А., Алайдаров А.. Құқық негіздері. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 260 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)

References:

1. Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары – Алматы 2013.– 272 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
2. Tujakova, A.E. Islam dinindegi әлеуметтік мәселелер – 2016. – № 7 (111). – S. 1117-1121. <https://moluch.ru/archive/111/26686/> (Жүгінген күн: 28.02.2024)
3. Қайрат Құрманбаев «Исламдағы алам құқықтары» – Алматы, 2019. – 204 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
4. Бәйішев Ж. Ислам құқығына кіріспе: теория және практика мәселелері – Астана 2007. – 69 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
5. Исатай Бердалиев Исламдағы пенделік құқық – 2020. <https://kazislam.kz/islamda-pendelik-qiuyghymyz/> (Жүгінген күн: 28.02.2024)
6. Kalkaeva N.B. Shariyat: қоғамдық маңызы бар әлеуметтік-құқықтық аспектілерді талдау // ISSN 2559-6173 Kazahskij nacional'nyj pedagogicheskij universitet imeni Abaja VESTNIK.- Seriya «Jurisprudencija»– №4(74), 2023 7-16 bb. (Жүгінген күн: 28.02.2024)
7. Azdarbekov T., Aldajdar A., Alajdarov A.. Құқық негіздері. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 260 б. (Жүгінген күн: 28.02.2024)